

Ғ.Мәсәлімов атындағы орта мектеп бойынша 2022-2023оқу жылындағы психологиялық жұмыстың есебі

Биылғы оқу жылындағы атқаратын психологиялық қызметтің мақсаты - мектептің білім беру ортасында жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыру және білім беру процесінің қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету. Бүгінгі таңда егеменді еліміздің алға қойған негізгі мақсат-міндеттерінің бірегей бірлікті, білімді және еңбекке қабілетті тұлға қалыптастыру болып табылады. Осыған орай мектебімізде психодиагностикалық анықтау, кеңес беру, түзету-дамыту, педагогикалық ұжымдармен ағарту жүргізіліп келеді. Жыл басында жылдық жұмыс жоспар жасақталып, жоспар бойынша психологиялық жұмыстар атқарылуда. 1-5 сынып оқушыларының даму деңгейі мен психологиялық дайындығын анықтау мақсатында сауалнамалар мен тренингтер жүргізіліп, ақыл-кеңестер берілді. Нәтижесінде берілген кеңестер мен сауалнама бойынша өздерінің көзқарастарын анық таңдап көрсетті. 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындау, әзірлену ерекшеліктері, оқушыларда стрес деңгейін анықтау мақсатында көптеген сауалнамалар жүргізіліп, психологиялық дайындығын анықтауда тестілер өткізіліп келеді. Ата-аналармен түрлі тақырыптарда пікір алмасулар жүргізіліп, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда «Ата-аналарға арналған психологиялық қағидалар», «Оқушының сабақ үлгеріміндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел, «Отбасында балалармен қарым-қатынасты анықтау» тақырыбында тренинг, «Зорлық-зомбылық түрлері және оның алдын-алу» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушыларына психологиялық көмек журналы ашылып, оқушылармен пікір алмасу жүргізіліп келеді. Суицидтің алдын алу мақсатында іс-шара жоспары бойынша біршама жұмыстар жасалуда. Оқушы арасында тренингтер мен ойындар, «Жасөспірімдердің арасындағы суициалды аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» бағдарламасын 7,8,9,10,11 сынып оқушыларына эссе және сауалнамалар жүргізіліп, оқушы түсінігі қалыптастырылды.«Бала тәрбиесіне байыппен қарайық» тақырыбында ата-аналар конференциясы өткізілді. Мектеп психологтары үнемі сынып жетекшілермен, ата-аналармен және мұғалімдермен тығыз байланыста. Үлгерім сапасын жақсарту үшін пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болып, мектебіміздің ұстаздарымен «Ашуыңызды ірке белесіз бе?» тақырыбында сауалнама өткізілді. Сонымен қатар жас мамандармен «Жарасымды қарым-қатынас» атты тренинг өткізілді. «Ата-аналарға психологиялық кеңес» жөнінде әлеуметтік желі арқылы онлайн ұсынымдар мен жадынамалар жіберілді. «Зорлық-зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында 1-11 сынып аралығындағы оқушыларға психологиялық кеңес

беріліп, соңы тренингке ұласты. «Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылық» аудандық ішкі істер бөліміндегі арнайы мамандармен мектеп психологтарымен, оқумен, ата-анамен бірлескен іс-шара өткізілді. «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын үйлестіру жолдары», "Жас өрен, құқықтық тәртіпті өзіңнен баста!" тақырыбында құқық пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілер және мектеп психологтарымен бірлесіп, оқушы өз құқығын білу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. Жоспарға сай 5-11 сынып арасындағы қыз балалармен "Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз бала тәрбиесі", «Қыздарға өнегелі тәрбие беру жолдары» атты қыз балаларға арналған мектеп медбикесімен біріккен дөңлек үстел өткізілді. Оқушыларды мазалаған жеке мәселелері мен ортақ проблемаларды қарастыру (жеке кеңес беру) мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді. «Күлімдеу» жаттығуы, «Мен өзімді мақтай аламын», «Мен кімін?», «Бәрі жұлдыздар» атты психологиялық ойын-жаттығулар өткізіліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Психологиялық қызметтің, жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психологпен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі, оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасымен, педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді. Психологиялық қызмет жұмыстары жалғасуда.







